

<sup>1</sup>Атыманова К.Ж., Байтикова К.А.,<sup>2</sup>Хусейн Узунбойлу

<sup>1</sup>педагог. ғ.к., қ. профессор, С.Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен, Қазақстан

<sup>2</sup>педагог-психолог, №106 «Қарлығаш» балабақша-бөбекжайы КМҚК, Өскемен, Қазақстан

<sup>3</sup>профессор, доктор, Таяу Шығыс Университеті, Солтүстік Кипр, Турция

## ПЕДАГОГТАРДЫҢ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРМЕН СУБЪЕКТ-СУБЪЕКТІЛІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА ДАЙЫНДЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Автор – корреспондент: [kargash7@mail.ru](mailto:kargash7@mail.ru)

**Түйін.** Заман талабы - бағдарламаларды күрделендіру, баланың жан -жақты мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру үдерісінің сапасын жақсартатын тиімді технологиялармен қарулану. Баланы субъект ретінде қарастыру - заманауи педагогикадағы жетекші тенденция. Мақалада мектепке дейінгі педагогикадағы «объект» және «субъект» ұғымдарының мектеп жасына дейінгі балалардың өзара әрекеттестік мәселелерін ашуда шешуші рөл атқаратындығына мән беріліп, «субъект» ұғымының сипаттамалары нақтыланған. Субъект-субъектілік қарым-қатынас және субъект-субъектілік қарым-қатынастың: зерттеушілік, танымдық, өзгертушілік - элементтері қарастырылған. Аталмыш қарым-қатынасты қалыптастырудың психологиялық және педагогикалық жағдайлары анықталған. Балалармен жұмыс істеудегі педагогтардың кәсіби білімі мен біліктілігі мәселелеріне ерекше мән берілген. Мектепке дейінгі педагогикадағы проблемалық сала - субъектілі ынталылықты, балалар мен педагогтардың шығармашылығын қамтамасыз ету мақсатында педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың тиімді түрлерін, әдістерін, біртұтас технологияларын анықтаудың қажеттігі жайында айтылған. Осы орайда, баланың бірден субъект болып, оның тиісті белгілерін қабылдай алмайтындығын және оның саналы түрде белсенді, ынталы, шығармашыл болып қалыптасуы бірден қол жеткізетін дүние еместігін ескере отырып, баланы субъекті ретінде тәрбиелеу мен оқыту үдерісінде, үлкендердің іс-әрекеті арқылы ерте жастан бастап субъектілік сапалар мен қасиеттерді дамытуға бағытталған іс-әрекеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін жағдайлардың іс-әрекеттегі нәтижесі көрсетілген.

**Кілт сөздер:** субъект, субъект-субъектілік қарым-қатынас, педагогикалық технология, жеке тұлға, педагогикалық үдеріс, мониторинг, кәсіби құзыреттілік, педагогикалық қарым-қатынас стилі.

**Кіріспе.** Қоғамның үздіксіз қарқынды дамуы үшін бәсекеге қабілетті, әлеуметтік белсенділіктері жоғары өскелең ұрпақты қалыптастыруда, ата-аналармен қатар білім беру мекемелеріндегі педагог қауымының да атқаратын ерен еңбектері мен игі істерінің алатын орны зор.

Адамзат қоғамының даму сатысының қайсысында болмасын педагог рөлі ерекше жоғары бағаланған. Олай болса, бүгінгі күні тәуелсіздікке еліміз қол жеткізіп, әлемдік деңгейдегі дамыған елдер қатарына қосылуды жоспарлап отырғанда, педагог мамандығының қоғамдағы мәртебесіне, оның басқа саладағы еңбек етушілерге қарағандағы әлеуметтік құндылығына, қоғамдағы алатын орны мен рөліне, педагогтың кәсіби білімі мен біліктілігі мәселелеріне ерекше мән беріліп отыр. Осы негізде педагог қызметкерлерінің өз мамандығына деген жауапкершілігі мен ізденіс пен шығармашылық нәтижесінде қол жеткізген білімі мен білігі заманауи талапқа сәйкес болуын қажет етеді. Француз педагогы Жубердің «Оқыту деген екі есе оқу» деген қағидасына сәйкес әр бір педагог өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу зияткерлік, шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіріп отыруға міндетті. Себебі педагог - елдің болашағын көркейтіп, рухын биікке көтеретін, жас ұрпақты тәрбиелейтін жауапкершілігі мол киелі мамандық екенін бүгінгі таңда жалпы егеменді еліміз мойындап отыр. Яғни, білім берудің қай сатысында болмасын, педагог өзгермелі жағдайға тез бейімделе білетін, ойлау деңгейі жоғары, педагогикалық үдерісті жүйелі түрде болжай алатын, балалармен ынтымақтаса отырып,

кәсіби психологиялық - педагогикалық қызметті дара шығармашылық тұрғыда жүзеге асыруға қабілетті болуы керек. Ал ол қалай іске асады?

Әрине - білімді жетілдіру арқылы. Осы орайда, Жүсіпбек Аймауытовтың «Сабак беру үйреншікті жай ғана әрекет емес, ол жаңаны жаңадан табатын өнер» деген сөзі ойға келеді. Яғни, әрбір педагог өз жұмысына тыңғылықты дайындықпен, құштарлық сезімімен кіріссе, еңбегіне қарай жемісін көре алады. Дамыған елге қарап бой түзеп келе жатқан тәуелсіз еліміз ұрпақ бойына білім нәрін себуші педагогтар қауымын, жаңа заман талабына сай білімін жетілдіруді қолға жан жақты алуда. Әр бір педагогтың білімі мен білігін көтеруді мақсат тұтқан егеменді еліміз балабақша сатысынан бастап кішкентай бүлдіршіндерге алғашқы тәлім-тәрбие беретін тәрбиеші-педагогтардың білімін жетілдіруге көңіл бөлсе, біз сіздермен өскелең ұрпақтың білім көкжиегін барынша заман талабына сай кеңейтуіміз керек.

### **Теориялық бөлім**

Тәуелсіздік алғалы еліміздің басынан өтіп жатқан өзгерістер білім беру жүйесіне де түрлі өзгерістер енгізуде. ХХІ ғасырдың жан-жақты зерделі, дарынды, талантты адамдарын қалыптастыру бағытындағы білім беру ісі - бүгінгі күн талабы. Яғни, заман талабы: «білудің аздық ететіндігін, сол білгенінді іс жүзіне асырып, тиісті жерде қолдана білу керек екенін» ескертеді. Бұл әрбір педагог маманын ойландырып, жаңаша жұмыс істеуге, жаңа ізденістерге қарай ұмтылуына бағыт береді. Олай болса, жаңашыл педагог қалай қалыптасады? Оқытудың инновациялық технологияларының қыр-сырын меңгере отырып, өз білімін жүйелі жетілдіру арқылы білім сапасын арттыруға барынша өз үлесін қосуды мақсат етіп, ұрпақты жаңа заманға сай біліммен қаруландыру үшін озық технологияларды тиімді пайдалануға тырысса - педагогтың жаңалыққа деген ынта-ықыласы оны жаңа үдерістерге жетелейді. Мектепке дейінгі кезеңнен бастап баланың тұлғалық дамуына, субъект ретінде қалыптасуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын негізге алу - қазіргі заманауи педагогика ғылымының жетекші тенденциясы болып табылады [1, 156]. Осы орайда мектепке дейінгі педагогика аясында «объект» және «субъект» ұғымдары жиі кездеседі және педагогпен мектеп жасына дейінгі балалардың өзара әрекеттестік мәселелерін ашуда ол шешуші рөл атқарады.

«Субъект» ұғымы өзінің негізгі сипатына қарай объектіге тура қарама-қарсы. Л.И.Божовичтің көзқарасы тұрғысынан, субъект өзін-өзі жасайтын адам. М.М.Бахтин субъектінің саналы түрдегі белсенділігімен, мақсат қоя білумен, шығармашылығымен сипатталатындығын атайды. [2, 2].

Педагогикалық психология саласындағы зерттеулер үшін С.Л. Рубинштейн айтқандай, дүниені де өзің де өзгерте алатын адамның субъект екені жайлы түйіні маңызды. Себебі С.Л.Рубинштейн тұрғысынан субъект категориясы үздіксіз, «жоғары қарай» үдемелі жетілуді, дамуды білдіреді. С.Л.Рубинштейн «Адам субъект болып дүниеге келмейді, субъект болып дамып жетіледі» деген. Субъект (лат.Subjeetum-бастауыш) деген мағынаны береді. Яғни субъект танымдық санаға, ерік-жігерге, танымдық белсенділікке ие тұлға [3, 7].

Білім беру жүйесінің алдына қойған мақсаты жан-жақты үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Педагог баламен іс-әрекет, таным және қарым-қатынас субъектісі ретінде өзара байланыс орнатады. Педагогикалық үдерісте мұндай қатынас типі субъект-субъектілі деп аталады [4,14]. Педагогикалық үдеріске қатысушылардың қарым-қатынасының субъект-субъектілі типін оның үш элементі сипаттайды:

- зерттеушілік
- танымдық
- өзгертушілік әрекеттердің қамтылуы.

Субъектілердің әрекеттері бір-бірімен өзара байланысты және объектіге немесе олардың жиынына бағытталады. Бүгінгі күні баланың субъективтік қасиеттерін тәрбиелеу үдерісі әлі де жасалу үстінде. Баланың оқу-тәрбие үдерісінің объектісінен субъектісіне ауысу тетіктері жеткілікті қарастырылмаған. Мектепке дейінгі педагогикадағы

проблемалық сала-субъектілі ынталылықты, балалар мен педагогтардың шығармашылығын қамтамасыз ету мақсатында педагогикалық үдерісті ұйымдастырудың тиімді түрлерін, әдістерін, біртұтас технологияларын анықтау. Яғни, біздің міндетіміз - баланы әрекет, таным және қарым-қатынас субъектісі етіп қалыптастыруда үлкендердің мүмкіндіктерін анықтау және түсіну. Бұл мүмкіндіктер қандай? Ол кулинариядағы сияқты бір ғана дайындау үлгісінде жасап шығару емес. Біз балалармен жұмыс жасаймыз, олар әр түрлі, әр түрлі психологиялық, педагогикалық, материалдық және тағы да басқа даму жағдайында. Дегенмен, жалпы қолданылатын ұсыныстар бар, оларды жүзеге асыру - оқыту, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін шешуге көмек болады. Бала бірден субъект болып, оның тиісті белгілерін қабылдай алмайды және ол кездейсоқ емес, оның саналы түрде белсенді, ынталы, шығармашыл болып қалыптасуы бірден қол жеткізетін дүние емес. Ол баланы субъекті ретінде тәрбиелеу мен оқыту үдерісінде, үлкендердің іс-әрекеті арқылы ерте жастан бастап субъектілік сапалар мен қасиеттерді дамытуға бағытталған іс-әрекеттерін жүзеге асырған жағдайда ғана мүмкін бола алады [5, 1].

Мектепке дейінгі жастағы баланың өз іс-әрекетінің субъектісі ретінде қалыптасуына оң әсер ететін ең негізгі фактор, М.И.Лисинаның пікірінше, үлкендердің баланы дамыту бағытындағы дұрыс (бұзу бағытында емес) қарым-қатынас жасауы [6, 2]. Қарым-қатынас барысында педагогтың функциясы - баланың оқу қызметі, ойын, еңбек үстінде өздігінен, шығармашыл белсенділігін арттыру, оған бағыттау сипатындағы қажетті мөлшерлі көмек көрсету. Баланың еркіндігін, белсенділігі мен ұмтылысын басу - ынтасыз немесе ашушаң негативті адам болып шығуына әкеледі. Баланың ынтасының артуына кедергі келтіру, шектеу қою оның дамуын тежейді. Мектеп жасына дейінгі балаға үлкендердің көзқарасы аса маңызды. Бүгінде тәрбиелеу практикасында мұндай көзқарастардың бірқатар түрлері кездеседі. Әсіресе, баланың жетістіктеріне, іс-әрекетінің нәтижелеріне көңіл бөлмеу, педагог үшін аса маңызды емес сияқты болып көрінуі мүмкін. Алайда, мұның салдарынан өз іс-әрекетіне қолдау таппаған бала, оң бағалауды күтпестен өзіне назар аударту мақсатында теріс әрекеттерге мойын бұра бастайды. Баланың ісін үлкендердің жете бағаламауы әдепсіздікке әкеледі - педагог бала әрекетін үзеді, оның жоспарын бұзады [7, 87].

Бұл бала тарапынан қарсылық көрсетуге әкеліп соғады, балада бастаған ісін аяқтау деген білік қалыптаспайды, бұл өз кезегінде істің құндылығы мен мағынасын төмендетеді, баланың ынтасын тежеу болып табылады. Педагогтың мұндай әрекеті баланың дәрменсіздік комплексін қалыптастырады, оның іс-әрекетін қызықсыз және біркелкі күйге келтіреді, өзіндік әрекет пен ынталылық таныту деңгейі төмендейді. Яғни, бақылаусыздық пен немқұрайлы көзқарас баланың теріс әрекеттер жасауына әкеліп, ол әр түрлі қарсылықтар білдіру арқылы айналасындағыларға ашық түрде ерсі қылықтар танытуына ықпал етеді. Бұл оның психикалық процестерінің қалыптасуына кері әсер етеді. Сол себепті, мектеп жасына дейінгі балаға біртіндеп тәртіп талаптарын орындату арқылы берілген істі жүзеге асыруға мүмкіндік беру қажет.

Балалардың жағымсыз істеріне, білмеген жерлеріне «қатал талап» қою, жағымды жақтарын атамау - субъект-субъектілік қарым-қатынас барысындағы келесі қателік. Балалар өз қателіктері үшін үнемі теріс баға алып, басқа балалармен салыстыру объектісіне айналады. Соның салдарынан баланың өзін өзі бағалауы төмендейді. Теріс баға баланың ынтасын, белсенділігін төмендетіп, кемшіліктері үшін қорқумен шектеледі. Баланың іс-әрекетіне сәйкес емес баға беру де келіспеушілікке себеп болып, кейін баланың ішкі жан дүниесіне де, сыртқы іс-әрекетіне де жағымсыз көрініс береді. Ересектердің әділетті бағалауы баланың саналы тәртіптілігін және өз-өзіне деген сенімін арттырады [2, 2].

Баланың әрекетін, қылықтарын оң бағалау оны дамытудың белсенділігін арттырудың басты факторы екендігі белгілі. Үлкендердің мадақтауы - өсіп келе жатқан тұлғаның өзіндік санасын дамытудың негізгі тәсілдерінің бірі. Оң бағалау белсенділікті арттырады, теріс бағалау - мектепке дейінгі жаста ынта-ықыластың артуына мүмкіндік беріп, баланың



қалыптастыруда аса маңызды рөл атқарды.



Сурет 2. Сурет салудағы «Гратаж» техникасы.

Іс-әрекетінің нәтижесіне өзіндік баға берумен рефлексия (Рефлексия тақтайшасы (сурет 3.), рефлексияның: зияткерлік, көңіл-күйлік, физикалық түрлері арқылы) жасау біліктерін дамыту балалардың ойлау, салыстыру, талдау жасау қабілеттерін жетілдіреді.



Сурет 3. Рефлексия тақтайшасы арқылы бағалау.

Өз іс-әрекетін болжай білуге, өз іс-әрекетіне жауапкершілік танытуға, мектепке дейінгі кезеңде оқу әрекетінің бақылау мен бағалау сияқты элементтерін қалыптастыру (өзара тексеру, топтық және командалық жұмыстардағы рөлдер, сурет 4.) да субъект ретінде дамытудың қажетті құралы [5, 1].



Сурет 4. Топтық жұмыс.

Міне осындай жұмыс түрлері арқылы мектеп жасына дейінгі баланың субъектілік тұғырын, яғни, одан тек әрекет етуші индивидті ғана емес, іс-әрекетті түсінетін, оны қабылдап жүзеге асыра білетін субъектінің қалыптасуына жағдай жасауға болатынына көз жеткіздік.

Бұл жол педагогтардан кәсіби шеберлікті, шыдамдылықты, өсіп келе жатқан адамға және оның ұдайы жетілуіне деген қамқорлық пен сыйластықты талап етеді. Мамандардың кәсіби құзыреттілік деңгейлері туралы ақпаратты алуға мүмкіндік беретін құрал ретінде – мекемемізде жүйелі түрде жүргізілетін педагогтардың кәсіби біліктілік және тұлғалық өсу мониторингі қоданылды [10, 81]. Жаңартылған білім беру жүйесінің педагогикалық үдеріске қойып отырған талаптарына сәйкес, аталмыш мониторинг педагогтардың іс-әрекетін педагогикалық-психологиялық және әдістемелік тұрғыда сүйемелдеудің негізі болып табылады. Мониторинг ерекшеліктері:

1. Кешенді түрде педагогтардың тұлғалық және кәсіби сапаларының зерттелуі;
2. Педагогтың іс-әрекетінің дифференциалды бағалануы (бағалауды педагогикалық үдерістің барлық қатысушылары жүргізеді: директор, әдіскер, психолог, педагогтар ұжымы);
3. Зерттеудің әр түрлі әдістерінің қолданылуы:
  - тест
  - бақылау
  - сандық және сапалық талдау
  - эксперттік бағалау
  - нәтижелерді математикалық әдіспен өңдеу.

Мониторинг барысында зерттеуге алынатын параметрлер қатарына:

1. Педагогтың тұлғалық ерекшеліктері (құндылық бағыт-бағдарының рейтингі, кәсіби іс-әрекетінің мотивтері, педагогикалық қарым-қатынас стилі);
2. Педагогикалық-психологиялық дайындығы;
3. Өз білімін жетілдіруі;
4. Жобалаушылық-құрастырушылық біліктілігі;
5. Ұйымдастырушылық біліктілігі;
6. Коммуникативтік біліктілігі;
7. Зерттеушілік біліктілігі;
8. Жалпы іс-әрекет нәтижелері алынды.

Мониторинг барысында педагогтардың коммуникативтік біліктері ерекше назарға ие болды. Бұл критерии бойынша мамандарды бағалауда білім беру үдерісінің барлық қатысушыларымен оптималды қарым-қатынас орната білулері, балалармен субъект-субъектілік қарым-қатынас орнату деңгейлері, қарым-қатынас жасау стилі бағаланды.

Мекеменің жылдық жұмыс жоспарына енгізілген бақшаішілік бақылау жұмыстарының бағыттарына сәйкес оқу жылы көлемінде педагогтардың тәрбиеленушілермен ұйымдастырылған оқу қызметтеріндегі, мерекелік іс-шаралар, серуен, жеке жұмыстар кезіндегі, ата-аналармен бірлескен әрекет түрлеріндегі қарым-қатынас жасау біліктері директор, әдіскер, психолог тарапынан бақылауға алынып, арнайы бақылау парақтарына төмендегі критерийлер бойынша бағаланды:

- Бала мен педагог арасындағы қарым-қатынаста қызметтердің оптималды түрде бөлінуі;
- Бала тұлғасына сйластықпен қарап, талап қоя білуі;
- Балалармен бірлескен әрекетте тура және кері байланыстың болуы;
- Балалар ұжымындағы қалыптасқан тұлғааралық қарым-қатынастардың ұйымдастырылған оқу қызметтерінде ескерілуі;
- Педагогтың өзіндік рефлексиясы, өз қателіктерін мойындап, қабылдай білуі;
- Педагог әрекеттеріндегі тәрбиелік мазмұндағы іс-әрекеттердің саны мен сапасы;
- Балаларды ұйымдастырушы және тәртіпке келтіруші әрекеттердің қатынасы;
- Бала мүмкіндігі мен қабілетінің ескерілуі;
- Педагогикалық ұстанымдардың сипаты.

Аталған көрсеткіштер бойынша әр педагог 3 баллдық жүйе бойынша бағаланды. Пайыздық көрсеткіштер есептелініп, педагогикалық қарым-қатынастың стилі анықталды:

- авторитарлық;
- демократтық;
- либералдық.

**Нәтижелер мен талқылау.** Заманауи білім беру жүйесінде балалармен субъект-субъектілік қарым-қатынасты, әрине, тек демократтық стильде педагогикалық іс-әрекетін жүзеге асыра білетін маман ғана орната алады. Яғни, мектепке дейінгі кезеңде педагогикалық іс-әрекеттің нәтижелі болуын анықтайтын маңызды факторлардың бірі-педагогтың баламен қарым-қатынас жасау стилі. Әр бір педагог ең алдымен мектеп жасына дейінгі балалардың жас және психологиялық ерекшелігін ескере біліп, қаталдық пен талапты, бала тұлғасына деген сипастық пен сенімді қатар алып жүріп, балалар ұжымының даму заңдылықтарын ескере білуі тиіс. Мониторинг нәтижелері бойынша педагогтармен әдістемелік және педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу жұмыстары ұйымдастырылды. Олар:

1. Мамандардың тұлғалық өсуіне, кәсіби іс-әрекеттеріне ынта-ықыласын арттыруға, өз құндылықтарына деген көзқарастарын өзгертуге бағытталған психологиялық тренингтер;
2. Педагогикалық-психологиялық білімдерін шыңдауға бағытталған бақшаішілік семинарлар, оқу-әдістемелік семинарлар, дәрістер;
3. Жаңартылған білім беру жүйесіне байланысты әдебиеттер тізімі ұсынылып, жас мамандарға арнайы тапсырмалар жүйесі, жеке кеңестер беріліп, білім жетілдіру бағыттары айқындалды;
4. Ашық және панорамалық ұйымдастырылған оқу қызметтері дайындалып, талдау жүргізіліп, педагогтар оқу қызметінде субъект-субъектілік қарым-қатынасты жүзеге асырудағы жобалаушылық, құрастырушылық, ұйымдастырушылық біліктерін арттырды;
5. Жеке мамандар субъектілік қарым-қатынас мәселесіне байланысты педагогикалық іс-әрекеттерінде туындаған мәселелерді жеке зерттеу жұмысы ретінде алып, нақты проблема төңірегінде әдебиеттерді зерделеп, білімдерін жетілдіре отырып, зерттеушілік біліктерін арттырды;
6. Аталған кешенді жұмыстар жүйесінің нәтижесі балабақшадағы әр педагогтың кәсіби құзреттілігінің біртіндеп өсуіне, жалпы іс-әрекет нәтижесінің өсуіне ықпал етті. Ал педагогикалық ұжымның кәсіби дайындығының артуы жалпы мекемедегі білім сапасының арта түсуіне өз ықпалын тигізді.

**Педагогтардың қарым-қатынас жасау стилі  
№106 «Қарлығаш» балабақша-бөбекжайы  
2020-2021 оқу жылы (%)**

<i>Қарым-қатынас стилі</i>	<i>2020жыл</i>	<i>2021жыл</i>
<i>Демократтық</i>	<i>35</i>	<i>42</i>
<i>Авторитарлық</i>	<i>18</i>	<i>14</i>
<i>Либералдық</i>	<i>18</i>	<i>15</i>
<i>Либералдық-демократтық</i>	<i>6</i>	<i>8</i>
<i>Авторитарлық-демократтық</i>	<i>23</i>	<i>21</i>

Педагогикалық ұжыммен жүргізілген кәсіби біліктілік мониторингінің нәтижесі бойынша байқалғаны педагогтардың өз жұмыстарына деген кәсіби мотивацияларының арта түсуі. Мониторинг нәтижесіне байланысты ұйымдастырылған әдістемелік, педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу мен қолдау, ағартушылық бағытындағы жұмыстар кадрлардың педагогикалық-психологиялық дайындық деңгейлерінің

шыңдалып, жалпы кәсіби құзреттіліктерінің артуына, балабақшадағы оқу-тәрбие үдерісі сапасының арта түсуіне ықпал етті.

### **Қорытынды**

Заманауи жаңартылған білім беру жүйесінің педагогтар қауымына қойып отырған талабы-қалыптасқан стереотиптерден бас тартып, өзгермелі жағдайларға ойлау икемділігі мен қисындылығы негізінде бейімделе білу, педагогикалық үдерісті терең мазмұндық рефлексиялық әрекетке сүйене отырып, жүйелі болжай алу, тәрбиеленуші бала тұлғасымен ынтымақтаса отырып, субъект-субъектілік қарым-қатынас орнату негізінде оқу-тәрбие үдерісін жүзеге асыруға дайындығы.

Мектепке дейінгі мекеме педагогтары өз кәсіби іс-әрекеттерін жоғары шеберлікпен, заман талабына сай құзреттілікпен жүзеге асыруларына арнайы мониторинг жүйесі құрылып, оның нәтижелері аясында педагогтардың жан-жақты білім, білік, дағдыларын шыңдауға бағытталған жұмыс жүйесін жүзеге асыру арқылы қол жеткізуге болады. Яғни, дұрыс таңдалынып алынған технология білім беру үдерісінің тиімді жүзеге асуына ықпал етеді, білім сапасын арттырады. Мониторинг педагогтардың коммуникативтік біліктері мен қарым-қатынас жасау стилін педагогикалық іс-әрекеттің маңызды факторларының бірі ретінде дамытып қана қоймай, олардың жалпы кәсіби іс-әрекетке педагогикалық-психологиялық дайындығын арттырады.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Дошкольное образование: инновации, перспективы, развития. Челябинск, 2014.
2. Электронный научный журнал, <https://melimde.com> «Психология ғылымындағы қарым-қатынас». Алматы, 2019.
3. Воробьева Л.И. Феномен субъектности в культурно-исторической перспективе// вопросы психологии №6, 2010.
4. Иванова И.В. Организация взаимодействия субъектов педагогического процесса. Екатеринбург, 2018.
5. Білім беру ортасын субъектілік басқару, <https://kkconvdocs.org>-Өскемен,2012.
6. Каган М.С. «Қарым-қатынас ерекшеліктерінің теориялық негідері» Вестник КАСУ: раздел психологии. Өскемен,2013.
7. Багаутдинова С.Ф. Управление дошкольным образованием. Флинта, 2015.
8. Микляева Н.В. Теоретические основы дошкольного образования. Москва, 2015.
9. Москалева Л.Ю., Дарченко М.В. Технология «детский совет» - технология «субъект-субъектного взаимодействия». МЦИТО, 2018.
10. Развивающее образование в Казахстане: опыт теоретического и практического исследования (система Д.Б.Элькониной – В.В.Давыдова). Усть-Каменогорск, 2003.

**Аннотация:** Усложнение программ, учет всесторонних возможностей ребенка, вооружение эффективными технологиями, способствующими улучшению качества образовательного процесса – это требование времени. Рассмотрение ребенка в качестве субъекта является ведущей тенденцией современной педагогической науки. В статье уделяется внимание педагогическим понятиям «объект» и «субъект», осуществляющим решающую роль в раскрытии вопросов взаимодействия дошкольников, уточнены описания понятия «субъект». Рассматриваются субъект-субъектное взаимодействие, а также его элементы: исследовательский, познавательный, меняющийся. Определены психологические и педагогические условия формирования субъект-субъектного взаимодействия. Особое значение придается профессиональным знаниям и умениям педагогов, работающих с детьми. Затрагиваются проблемные аспекты дошкольной педагогики о необходимости определения эффективных форм, методов, целостных технологии организации педагогического процесса, с целью обеспечения субъективной мотивации и творческого взаимодействия педагогов и детей. В связи с этим представлены результаты деятельности, полученные в процессе реализации условий, позволяющих взрослым осуществлять деятельность, направленную на развитие субъективных качеств личности ребенка с раннего возраста в процессе воспитания и обучения, поскольку становление ребенка субъектом деятельности, осознанная



интериоризация им признаков и свойств субъекта, проявление его активности, инициативности и творчества является достаточно длительным процессом.

**Ключевые слова:** субъект, субъект-субъектное отношение, педагогическая технология, личность, педагогическая технология, профессиональная компетентность, стиль педагогического общения.

**Abstract:** Complication of programs, taking into account the full potential of the child, arming with effective teaching technologies, which improve the quality of the educational process, is a requirement of the time. Considering a child as a subject is the leading trend of modern pedagogical science. The article pays attention to the pedagogical concepts of “object” and “subject”, which play decisive role in revealing the issues of interaction of preschoolers, the description of concept of “subject” are clarified. The subjective interaction is considered, also its elements of as research, cognitive, changing. Psychological and pedagogical conditions for the formation of subjective interaction are determined. Special importance is attached to the professional knowledge and skills of teachers working with children. The problematic aspects of preschool pedagogy and the need to determine effective forms, methods, integral technologies of the organization of the pedagogical process, in order to ensure subjective motivation and creative interaction of teachers and children are touched upon. In this regard, presents the results obtained during the implementation of the conditions that allow adults to carry out the activities aimed at the development of the subjective qualities of the child’s personalities from an early age and process of education and learning as the development of the child subject activities, conscious internalization them characteristics and properties of the subject, the manifestation of its activity, initiative and creativity is a lengthy process.

**Keywords:** Subject, subjective, communication, pedagogical technologies, person, pedagogical process, monitor, professional competency, style of pedagogical communication.